

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы N 131 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қазандағы N 1058 қаулысы

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Сауда рыноктарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпанды N 131 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2003 ж., N 6, 62-құжат) мынадай өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

кіріспеде "Аса маңызды" деген сөздердің алдынан "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңын және";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сауда рыноктарының қызметін ұйымдастыру е р е ж е с і н д е :

1 - т а р м а қ т а :

"айқындайды және" деген сөздерден кейін "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында," деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"1994 жылғы 8 шілдедегі" деген сөздер "2002 жылғы 4 желтоқсандағы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда рыногы - аумақта шаруашылық қызметін көрсету, басқару және күзет функциялары орталықтандырылған, тұрақты негізде жұмыс істейтін, маңындағы аумақтан бөлектенген, сауда қызметіне арналған және өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарының тұрағы үшін алаңмен қамтамасыз етілген оқшауланған мұліктік к е ш е н . " ;

жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші абзацтар мынадай р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"Сауда қызметі - тауарларды сатып алу-сатуды жүзеге асыруға бағытталған жеке және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметі.

Тауар - айналымнан алғынбаған, сатуға немесе айырбастауға арналған кез келген ең бек ө н і м і .

Дүкен - сауда, қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлармен, сондай-ақ тауарларды қабылдауға, сақтауға және сатуға дайындауға арналған үй-жайлармен қамтамасыз

етілген, тұрақты жұмыс істейтін күрделі құрылыш немесе оның бір бөлігі.

Дүңгіршек - сауда залы жоқ, арнайы бөлінген жер участкесіне орнатылған сауда жабдықтарымен жарақталған күрделі емес тасымалды құрылыш.

Шатыр - құрастырмалы-жинамалы конструкциядан жасалған, сауда жабдықтарымен жарақталған және арнайы бөлінген орынға орналастырылатын жеңіл құрылыштын " ;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Автодүкен - сауда жабдықтарымен жарақталған мамандандырылған автокөлік құралы .

Жылжымалы сөре - арнайы бөлінген орынға орналастырылатын жеңіл құрылыштын тасымалды немесе жылжымалы сауда орны.

Көтерме сауда - кейіннен сатуға немесе жеке, отбасылық, үй-ішілік және осыған үқсас өзге де пайдалануға байланысты емес өзге де мақсаттарға арналған тауарларды сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

Бөлшек сауда - тауарларды тұтынушыларға олардың жеке пайдалануы үшін сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

Сауда автоматы - тауарларды сатуға арналған автоматтандырылған құрылғы.";

6 - тармақта :

он екінші абзацта "жабық емес" деген сөздер "шағын рынок" деген сөздермен аудастырылсын ;

"аралас" деген сөзден кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"санаттары бойынша :

I санат ;

II санат ;

III санат .

Рыноктардың санаттарын осы Ережеге 1-қосымшаның талаптарына сәйкес сауда саласындағы жергілікті атқарушы органдар береді.";

13-тармақтың екінші абзацы алғыншыл тасталсын;

19-тармақ 10) тармақшасының үшінші абзацында "Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін ""Сауда қызметін реттеу туралы"," деген сөздермен толықтырылсын ;

"Рынок әкімшілігінің жаупкершілігі" деген 4-тарау және 22, 23-тармақтар алғыншыл тасталсын ;

24-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылдын:

"24. Осы Ереже талаптарының сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады . " ;

мынадай мазмұндағы 24-1, 24-2, 24-3-тармақтармен толықтырылдын:

"24-1. Рыноктың басшысы уәкілетті органдардың лауазымды тұлғаларына тексеріс

жүргізуде жәрдем көрсетеді және осындағы тексерістің барысында айқындалған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою жөніндегі шараларды қабылдайды.

24-2. Жүзеге асырылған тексеріс нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы анықталған кезде бақылауши органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қолданады.

24-3. Меншік иесі және/немесе басшы, рынок қызметкерлері осы Ережені бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауап береді.;

24-тармақтың екінші абзацы 24-4-тармақ болып саналсын;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Рынктарда ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізу міндетті болып табылады. Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізбей сатуға тыйым салынады.";

Ережеге 1 - қосыншада:

тақырыбы "үлгілеріне" деген сөзден кейін "және санаттарына" деген сөздермен толықтырылсын;

"Жабық сауда рыногы" деген бөлім "(I санат)" деген сөздермен толықтырылсын;

"Аралас сауда рыногы" деген бөлім "(II санат)" деген сөздермен толықтырылсын;

"Жабық емес сауда рыногы (шағын рынок)" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын: "Шағын рынок (III санат)".

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри